«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

# Ашық сабақ

## Тақырыбы :

**Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы**

Пән мұғалімі Ғ.Е.Битибаева

**Шымкент 2023-2024 оқу жылы**

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 1-бөлім: «Дананың сөзі- ақылдың көзі» | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Битибаева Ғ.Е | |
| **Күні:** | 11.10.2023 ж | |
| **Сынып: 8 «А»** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Толғауды оқиды.<br>Шығармадан алынған үзінділерге көзқарасын білдіреді.<br>Үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолданады. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басталуы 8 минут** | 1.Оқушыларды шағын жұмыс топтарына бөлу.<br>2.Алдыңғы сабаққа шолу жасау.<br>3. Сабақ тақырыбы мен мақсаты, бағалау критерийі таныстырылады.<br><br>**Ойтүрткі**<br>Толғаудың бейнелеу тәсілі неге құрылады? Толғау туралы ізденіп, зерттеушілер пікірлерін дәптерлеріңе жазып, жанр тарихына назар аударыңдар | Ақтамберді Сарыұлы жайлы білетін ақпараттарын топтастыру арқылы жинақтайды. | **Ауызша мадақтау арқылы бағалау**<br>*Жарайсың!*<br>*Тамаша!*<br>*Керемет!* | Оқулық 8-сынып «Атамұра» баспасы 2018жыл |
| **Сабақтың ортасы 30 минут** | **Толғау дегеніміз не?**<br>Толғау – халық поэзиясында кең тараған қоғамдық – саяси лириканың бір түрі. Толғау тарихи жыраулық поэзияға тікелей қатысты. Толғау белгілі бір мақаммен, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен айтылады. А.Байтұрсынұлы толғауға: "Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құстың сайрауы, жанның тарататын күйі" деп анықтама берген. Толғау философиялық ой қорытудың ұлттық үлгісі. | Толғау туралы түсініктері қалыптасады. | | |
| | «Кинометафора» әдісі арқылы жазушының өмірі туралы ақпараттар беріледі. Толғаудың идеясымен танысады.<br>**№1-тапсырма**<br>«Екі жақты күнделік» әдісі<br>Үзінді \| Пікір | Білім алушылар берілген мәліметтермен танысады.Үзін діні оқып, өз пікірлерін айтады | Дескриптор:<br>Білім алушы<br>*- берілген үзіндіні оқиды;*<br>*Идеясын ашады;*<br>*-өз пікірін айтады.* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **№2-тапсырма «Іздендіру тәсілі»**<br>**Берілген үзіндімен танысып, көркемдегіш құралдарды табу,автор бейнесін талдау**<br>Көгорай көктем болғанда<br>Дауысы бар азандай,<br>Желіні бар қазандай,<br>Жаралы құдай ыңырантып,<br>Жарылған мұздай күңірентіп,<br>Қайрауықтың ащы күйіндей<br>Қайырып боздап күйлентіп,<br>Боталаған боз іңген<br>Азан-қазан, уда-шу<br>О да бір алса мазамды-ай!<br>2.Берілген үзінді бойынша автор бейнесін талда.<br>Пышақтан малым кетпесе,<br>Қазаным оттан түспесе,<br>Ауылдан топыр үзілмей,<br>Ошақтың оты өшпесе.<br>Май жемесе қонағым,<br>Қан жемесе барағым,<br>Он кісіге жараса<br>Бір кісіге арнап тартқан табағым!<br>Халыққа атым біліиіп,<br>Шүленгір* мырза атанар ма екеміз?!<br>3.«Шүленгір» сөзінің тілдік ерекшелігін анықтаңыз.<br>Ақынның айтқан арман-мақсатын негізге ала отырып, ой картасын жасаңыз<br>**№3-тапсырма**<br>**«Тақырыптық-идеялық » әдіс**<br><br>Мұнда жыраудың негізгі идеясын, жеткізгісі келген ойын анықтау<br><br>Тақырып<br>Идея:<br>Батыр<br>Қорытынды<br><br>**Үйге тапсырма:** 5-тапсырма | Білім алушылар үзіндідегі көркемдегіш құралдарды табады.Автор бейнесін анықтайды<br><br>Метафора<br>Эпитет<br>Риторикалық сұрау<br>Аллитерация<br>Теңеу<br><br>Жыраудың негізгі идеясын, жеткізгісі келген ойын анықтайды. | *Балл-3*<br><br>Дескриптор:<br>Білім алушы<br><br>-берілген үзіндімен танысады;<br>-көркемдегіш құралдарды табады;<br>-қолданылу ерекшелігін айтады;<br>-автор бейнесін талдайды.<br>Балл-4<br><br>Дескриптор:<br>Білім алушы<br><br>-Жыраудың идеясын анықтайды;<br>-жеткізгісі келген ойын ашады;<br>-қазіргі өмірмен байланыстырып, көзқарасын айтады<br>Балл-3 | |
| **Сабақтың аяқталуы 7 минут** | **Ойтаразы**<br>**Бас бармақ - басты мәселе.** Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?<br>**Балаң үйрек- бірлесу.** Мен топта / жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?<br>**Ортан терек – ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>**Шылдыр шүмек- шынайылық.** Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? | Кері байланыс жасайды. | **Ауызша мадақтау арқылы бағалау**<br>*Жарайсың!*<br>*Тамаша!*<br>*Керемет!* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Кішкене бөбек – көңіл күй ахуалы.** Мен өзімді сабақта қалай сезіндім? | | | |

| Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз? Берілген үзіндідегі айтылған ойды анықтайды. | Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».<br><br>Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.<br>Үзіндіден көркемдегіш құралдарды табады | «Мадақтау сөз» әдісі.<br>1-10 баллдық жүйе бойынша бағаланады. | Денсаулық сақтау технологиялары.<br>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенд жұмыс түрлерін қолданамын.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады. |

**Жалпы бағалау**

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: „[illegible]" әдісі

2: „[illegible] – сөйлемдер" әдісі

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқытутуралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1: Сергіту сәті

2:

Сабаққезінде, сыныпнемесежекелегеноқушылардыңжетістіктері/қиыншылықтарытуралы мен неніанықтадым?

Келесісабақтарда неге назараудару керек?

1: Қабілетті оқушыларға тапсырмаларды

2: саралап беру.